



Ақмешіт

30 қараша
сенбі

№95 (2105)

2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

СӘТТІ ӨТКЕН БІР ЖЫЛ

Астанада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұжымдық қауіпсіздік шарты туралы ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясы өтті. Саммитке Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон келді. Сонымен қатар сессия жұмысына Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Бас хатшысы Сергей Лебедев пен Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Мин қатысты.



Мемлекет басшысы сессия жұмысын ашып, жиын қатысушыларына ризашылығын білдірді.

– Бүгінде ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін тиімді әрі қажетті халықаралық құрылымға айналды. Ұйымның даму жылдарында мүше мемлекеттер көптеген мәселе бойынша өзара ықпалдастық жасап, мол тәжірибе жинады. Аукымды нормативтік-құқықтық база қалыптасты. Қазіргі сын-кәтерлер мен қауіптерге қарсы күрес тетіктері жолға қойылды. Ұжымдық қауіпсіздік күштері мен құралдары жасақталып, қалыпты қызмет етіп жатыр. Беделді халықаралық және өңірлік ұйымдармен конструктивті ынтымақтастық орнатылды, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев шағын құрамда өткен отырыста мемлекет басшылары халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасқанын айтты. Сондай-ақ Қазақстанның төрағалығы аясында ҰҚШҰ-ның биылғы қызметі қорытындыланғанын жеткізді.

– Кездесу қорытындысы ұжымдық қауіпсіздікке төнетін қауіп-кәтерге қарсы жұмыла әрекет етуге дайын екенімізді

тағы да растады. Пікірталас барысында халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұстанымдарымызды жеткіздік. Біздің қазіргі жағдайға ортақ бағамыз және ҰҚШҰ-ның одан әрі дамуына көзқарасымыз Қазақстанның бастамасымен әзірленген Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясында көрініс тапты. Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге ерекше мән берілді. Ардагерлердің майдандағы және тылдағы ерлігі есімізде мәңгі сақталады. Оларды әрдайым мақтан тұтамыз, құрметтейміз. Айтулы мереке қарсаңында ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мәлімдемесін қабылдау, сондай-ақ Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай мерекелік іс-шаралар жоспарын бекіту маңызды деп санаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстанның ҰҚШҰ-ға төрағалығы аясында Ұйым жарғысына сай ынтымақтастық бағыттары бойынша 60-қа жуық іс-шара ұйымдастырылған. Халықаралық аренада келісілген ұстанымдарды ілгерілету бойынша серіктестермен бірлесе жұмыс жүргізілді.

– Биыл қабылданған саяси құжаттар легіне ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің жалпы бағалауы негіз болды.

Олардың ішінде халықаралық ақпараттық қауіпсіздік, ғарыш саласындағы ынтымақтастық мәселелері мен Таяу Шығыстағы ахуалға байланысты, сондай-ақ Белоруссияны басқыншылардан азат етудің 80 жылдығына орай қабылданған мәлімдемелер бар. Жыл бойы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарының әскери дайындығына мұқият назар аударылды. Бүгін біз ҰҚШҰ күштері мен құралдары мәртебесіне және әскери контингентті тасымалдауға қатысты халықаралық келісімдердің екі хаттамасына қол қоямыз. ҰҚШҰ-ға мүше елдердің бітімгерлік күштерінің дайындық деңгейі мен жауынгерлік машығын жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қыркүйек-қазан айларында елімізде «Мызғамас бауырластық-2024» ҰҚШҰ Бітімгершілік күштерінің командалық-штабтық оқу-жаттығулары мен «Жартас-2024» ҰҚШҰ арнайы оқу жиыны өтті. Аса қауіпті нысандардағы күрделі апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізудің бірлескен іс-қимылы пысықталды, – деді Қазақстан Президенті.

2-БЕТТЕ

САРАПТАМА



ТРЕНДТЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ: талғам мен таңдау қайда қалды?

Бүгінгі қоғамда трендтен қалмау сәннен гөрі, бас ауруға айналды. Қысқа мерзімде миллиондаған қаралым жинап, қоғам назарын аударған видеоларда көрсетілген өнімді адамдар бірер сағатта сатып алып жатады. Мәселен, Дубай шоколады төңірегіндегі видеолар миллиондаған қаралым жинап, бірер ай ішінде әлеуметтік желілерде хит болып, аудиторияны жаулап алды. «TikTok» және «Instagram» қолданушылары тәттіні сатып алған видео мен сурет салып, жарысты. Мақтаса да, даттаса да тренд болған соң барлығы сол тақырыпта жарыса жазды. Соңғы бірнеше аптада жана тренд пайда болды. Ерекше қытырлақ, тіл үйікер корейлік «Shine Muscat» жүзімі «TikTok» және «Instagram» әлеуметтік желілердің қаралымы жоғары тақырыптар қатарында тұр. Трендтер тек тамаққа ғана қатысты емес, сонымен қатар киім, тұрмыстық заттар, әндер немесе тіпті калалар айналасындағы қызу талқылау тудыратын трендтік видеоларды қамтиды. Бұл трендтердің құпиясы неде және олар адам өміріне қалай әсер етеді? Бұл сұрақтар көптеген зерттеуші мен сарапшының назарын аудартуда. Әлеуметтік медиа қолданушыларының назарын өзіне аударатын трендтердің қалай пайда болатынын және олардың кең таралуына қандай факторлар ықпал ететінін түсіну үшін тақырыпты зерттеп көрейік.

4-БЕТТЕ

СҰХБАТ

Ақмарал НОҒАЙБАЕВА,
облыстық филармония
әншісі, мәдениет
саласының үздігі:

«Өнер – менің тағдырым»

Сыр еліне ғана емес, өнерді кие тұтқан бар қазақты ерекше коңыр даусымен, мөлдір бұлақ бастауындай сазды үнімен баурап алған Қызылорда облыстық филармония-сының әншісі, мәдениет саласының үздігі Ақмарал Ноғайбаеваның есімі алты Алашқа танылып үлгерді. Жыр дүлдүлімен сұхбаттасудың сәті түсті.

3-БЕТТЕ

ДОЛЛАРДЫҢ ДӘУРЕНІ, ТЕҢГЕНІҢ ТАҒДЫРЫ

Қарашаның соңғы күндері теңге біраз төмендеді қалды. Теңгеге шаққандағы доллар бағасының күрт өсуі қоғамды алаңдата түскені рас. Себебі қарапайым халықты доллар бағамы қызықтырмаса да, доллар қымбаттаса, базардағы баға өзгеретінін жақсы біледі. Бүгінде «доллар неге қымбаттады?» деген сұрақ әлі де өзекті. Сарапшылар мұны экономикадағы ішкі және сыртқы факторлардың әсері деп түсіндіреді. Анығын айтқанда, доллардың дөңгелей түсуіне мұнай бағасының тұрақсыздығы, геосаяси жағдайлар, импортқа тәуелділік, ішкі экономикалық ахуал негізгі себеп болып отыр. Бүгінде 1 АҚШ доллары 500 теңгеден асты. Сарапшылардың пікірінше, бұл – 2022 жылдың 25 наурызынан бергі ең жоғарғы көрсеткіш. Мұндайда Ұлттық банкке мойын созатынымыз белгілі. 28 қараша күні Ұлттық банк теңге тұрақтылығын сақтау үшін интервенция жүргізетінін хабарлады.

«Тұрақсыздандыратын ауытқуларды болдырмау, теңгені айырбас бағамының артық құбылмалылығын тегістеу үшін және шетел валютасын ұсынды қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізеді», – деп жазылған хабарламада.

Ұлттық банктің ақпаратына сүйенсек, теңге бағамына сыртқы және ішкі факторлар әсер еткен.

АҚШ долларының жаһандық нығаюы, шикізат құнының өзгеруі және әлемдегі геосаяси жағдайдың шиеленісуі сияқты бірқатар сыртқы іргелі факторлардың өзгеруі аясында дамушы нарықтардағы валюталардың теріс динамикасы барлық жерде байқалады. Негізгі әлемдік валюталарға қатысты АҚШ долларының бағамын бақылайтын DXY индексі ай басынан шамамен 2,2%-ға нығайтып, 106,2 пунктке дейін өсті (2024 жылдың 28 қарашасында). ЕМ валюталарының индексі ай басынан 3,0%-ға төмендеген.

Сонымен қатар Ұлттық банк мұнай бағасының құбылуы ұлттық валютаға әсерін тигізгіп отырғанын атап өткен. Сондай-ақ сарапшылардың Дональд Трамп президенттікке келгенде мұнай тасымалының ұлғаюы теңгеге әсерін тигізетіні туралы пікірлерін атап көрсеткен.

Доллардың күш алуы – шикізат тауарлары үшін әдеттегідей теріс фактор.

«Ресей Федерациясының қаржы секторына қарсы жана санкциялар енгізу аясында елдің негізгі сауда серіктестерінің бірінің валютасы – Ресей рублі әлсірей түсті. Осылайша, биржада юань/рубль жұбының бағамы юань үшін 15,1 рубльге жетіп, қараша айының басынан бастап 11,2%-ға әлсіреді. Fогех Халықаралық валюта нарығындағы доллардың айырбас бағамы 1 доллар үшін 114,5 рубльден асты, ал рубль айдың басынан бастап 18%-ға әлсіреді, – деп хабарлайды.

Елімізде экономикалық агенттер тарапынан шетел валютасына сұраныстың артуы байқалған. Мәселен, қараша айында сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 238 млн АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылдың қараша айынан (193 млн АҚШ доллары) 1,5 есеге жуық және тамыз-қыркүйек айларындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемінен едәуір жоғары.

Базалық мөлшерлеме өзгерді

Кеше Ұлттық банк базалық мөлшерлемені 14,25%-дан 15,25%-ға көтеру туралы шешім қабылдады.

«Шешім жанартылған болжамдар мен инфляция тәуекелдері балансының бағалауын ескере отырып қабылданды», – деп жазылған банк хабарламасында. Бас банктің бұл шешіміне Қазақстандағы жылдық инфляцияның қазан айында 8,5%-ға дейін өскені әсер еткен. Ал инфляцияға «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске асыру аясында реттелетін қызметтердің айтарлықтай қымбаттауы және теңгенің әлсіреуі ықпал еткен.

«Оған қоса инфляцияның орнықты бөлігі де өсуде. Жоғары ішкі сұраныс жағдайында азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен нарықтық қызметтер бағасының өсуі инфляцияның жеделдеуіне ықпал етті. Бюджеттің кіріс бөлігін орындауына байланысты жалғасып жатқан фискалдық ынталандыру есебінен экономика ішіндегі проинфляциялық қысым сақталуда», – деп түсіндіреді Ұлттық банк.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Баспасөз-2025

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүрүде. Қаны қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылууды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 3000 теңге,
мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

СӘТТІ ӨТКЕН БІР ЖЫЛ

Президент жыл бойы өзекті сын-кәтерлерге қарсы іс-қимыл мәселесіне ерекше ден қойылғанын айтты.

– Қазақстан мен ҰҚШҰ-ға мүше басқа да елдер аумағында бір уақытта «Наемник», «Канал», «Негелал» және «ПРОКСИ» секілді арнайы операциялардың түрлі кезеңдері өтті. Бұл іс-шаралар халықаралық терроризмге, есірткі саудасына, зансыз көші-қонға және ақпараттық ортадағы сын-кәтерлерге қатысты қауіптің алдын алуды көздейді. Биыл біздің бастамамызбен алғаш рет зансыз қару-жарақ, оқ-дәрі айналымына және ұйымдасқан транс-ұлттық қылмысқа қарсы іс-қимыл жөнінде консультациялар өтті. ҰҚШҰ аясында арнаулы жұмыс тобын құру мәселесі пысықталып жатыр. Қазақстан тарапының үйлестіруімен Тәжік-ауған шекарасын нығайту жөніндегі ҰҚШҰ-ның мақсатты мемлекетаралық бағдарламасын дайындау жұмыстары аяқталды. Құжатты әзірлеу 2013 жылы басталған болатын. Бүгін біз Ұйымның онтүстік шебіндегі қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған осы маңызды шешімге қол қоямыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ҰҚШҰ тарапы ретінде Қазақстан айқындаған басымдықтар жүйелі әрі

Басы 1-бетте



қарқынды түрде жүзеге асырылып келеді. Серіктестердің қолдауына сүйене отырып, ҰҚШҰ аясында аталған бастамаларды одан әрі ілгерілету ісі белсенді жалғасалды.

Мемлекет басшысы Ұйымның Бас хатшысына, ҰҚШҰ-ның Тұрақты кеңесі мен жұмыс органдарына атқарылған ауқымды жұмыс үшін ризашылығын жеткізді.

ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кеңейтілген құрамдағы сессиясы барысында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров пен ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетов сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровты 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҰҚШҰ-ға төрағалықтың Қырғыз Республикасына өтуі туралы шешімінің қабылданымымен құттықтап, қырғыз тарапының жауапты міндетті табысты атқаруына тілектестік білдірді.

Жиын қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясын қабылдап, бірқатар құжатқа қол қойды. Тәжік-ауған шекарасын нығайту жөніндегі ҰҚШҰ-ның мақсатты мемлекетаралық бағдарламасы бекітілді. Сонымен қатар президенттер Ұлы Жеңістің 80 жылдығына байланысты мәлімдеме қабылдап, келесі жылы осы айтулы датаға орай ұйымдастырылатын мерекелік іс-шаралардың жоспарын бекітті.

Астанада қабылданған құжаттар Ұйым мен ұжымдық қауіпсіздік жүйесін барлық мүше мемлекеттердің мүддесіне сай кешенді түрде дамытуға бағытталған.

akorda.kz

Екінші дүниежүзілік соғыста оқ пен оттың ортасында жүріп ел қорғаған майдангер Әбдірахман Бәйтқов ақсақал 100 жасқа толды. Қарт жауынгерді мерейтоймен құттықтай барған қала әкімі Нұржан Ахатов облыс әкімінің құттықтауын арнайы жеткізіп, 1 миллион теңгелік қаржылай сипат сертификатын табыстады. Майдангердің мерейтоймен құттықтаған зиялылар қатарында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев пен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шәкізат Төребаев та бар.



Қарт майдангер – 100 жаста

Әбдірахман Бәйтқов құттықтап келген азаматтарға алғысын білдіріп, ақ батасын берді. Егемен елімізде ендігі жерде, бейбіт өмір, береке-бірілік болсын деген ниетін де білдірді.

– Қазір қалада бір ғана ҰОС ардагері бар. Ол – Әбдірахман Бәйтқов. Бұл кісіден басқа ҰОС ардагеріне теңестірілген мыңға жуық жыл ардагері бар. Олардың барлығына жыл сайынғы Жеңіс күнінде 40 АЕК көлемінде бір реттік қаржылай көмек беріледі, – дейді қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кенжетгүл Құрабаева.

Рух пен намыстың, батырлықтың үлгісіндей болған Әбдірахман Бәйтқов 1942 жылы әскер қатарына шақырылғанын 1943 жылдың тамыз айының аяғында Курск доғасында ауыр жарақат алып, 1944 жылы 20 жасында елге ІІ топ мүддегі болып оралды.

Ол соғыстағы ерлігі үшін Совет Одағының маршалы Г.Жуковтың ІІ дәрежелі және мерекелік бірнеше медальмен марапатталған. Соғыстан

кейін «Комсомол» совхозында отыз жылдай қой фермасында, қолхоз кеңесінде есепші болып, 1985 жылы зейнетке шықты. Марқұм жұбайы Кеңесқұл Абуова екеуі өмірге он бала әкеліп, оларды өсіріп жеткізді. Осы күні сол балалардан 40-қа жуық немере, бірнеше шөбере сүйіп отыр.

– Кішкентай кезімізде ағамның қара аты болатын. Мені мектепке сол атпен апарып, алып қайтатын. Солай оқытты. Қолдалы. Көмектесті. Біз ағамызға арқа сүйедік. Газет-журналды көп оқыды, көзі ашық азамат қой. Көп оқыған адамның айтары да көп болады. Осында көшеге шығып, көрші-қолаңмен тарихи тақырыптарда әңгімелесіп отыратын. Қазір де ағамыздың жағдайы жақсы болып, жүзге келгені – балаларының жақсы болғанынан, – дейді қарындасы Туганай Шәкіева.

Елге келгеннен кейін маңдай терін төгіп, ауыл шаруашылығы саласында қызмет еткен майдангер балаларын да жастайынан еңбекке баулыды. Адал еңбектің наны тәтті

болатынын ұғындырды. Балалары алған тәрбиесінің нәтижесінде бүгінде әрбірі өмірден өз орнын тауып, бір-бір саланың мейталманы атанған.

– Әкеміздің үйреткені көп. Барлық жақсы қасиетті бойымызға сіңірді. Адал еңбек еткенінің несібесі мол болатынына көзімізді жеткізді. Бақша екті. Қайтар жолда есектің екі жағына бау шөп байлап, өзі үстінде келе қоятын. Біз оны күтіп тұрамыз. Бізді көріп қуанған әкеміз өзі есектен түсіп, орнына бізді мінгізіп қайтатын. Әкеміз үйге келгенде біріміз алдында, біріміз арқасында, енді біріміз мойнына мініп аламыз. Бір қабақ шытпай, әкелік қамқорлығын арнады, – дейді кенже қызы Гүлсара Бәйтқова.

Қарт жауынгер елге ақ жүрегімен алғасы айтты. Оның айтқан әрбір сөзінде салмақ бар. Өмірлік тәжірибесінен алынған тағалымы мол, ғибраты жетерлік батасына жиылған жұрт риза болды. «Қарты бар ел – қазыналы ел» деген осы да...

Дәулет ҚЫРДАН

ТӨЛ ӨНІМ ТӨРГЕ ШЫҚТЫ

Достық үйінде «Кәсіпкерлікті дамыту – қуатты экономиканың негізі» тақырыбында семинар өтті.

Жиынды қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Шамұратов ашып, семинар жұмысына сәттілік тіледі. Бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес нысанын құру және оның экономикадағы үлесін арттырудың маңызын атап өтіп, қаладағы шағын және орта бизнестің даму динамикасына тоқталды.

– Экономиканың барлық саласында және мүмкіндігі шектеулі жанрдың тұрмыс сапасын жақсартуға үлес қосқан 29 әлеуметтік кәсіпкер қолдау



Инклюзивті орта қалыптастыру және мүмкіндігі шектеулі жанрдың тұрмыс сапасын жақсартуға үлес қосқан 29 әлеуметтік кәсіпкер қолдау



ортағындағы жеке кәсіпкерліктің 1409 жобасы барлық қаржы көзінен 30 млрд теңгеге қаржыландырылды. Нәтижесінде қала кәсіпкерлерінің саны 33 мыңнан, ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 65 мыңнан асты. Шағын және орта кәсіпкерлік саласында 300 млрд теңгеге өнім өндірілді.

Президент бастамасымен қолға алынған «Ауыл аманаты» жобасы аясында 16 жоба жүзеге асты. Ауыл-шаруашылық өнімін өңдеуді дамытуға бағытталған 17 жана өндіріске қолдау көрсетілді.

Инклюзивті орта қалыптастыру және мүмкіндігі шектеулі жанрдың тұрмыс сапасын жақсартуға үлес қосқан 29 әлеуметтік кәсіпкер қолдау

Бүгінгі семинар сіздер үшін өзара тиімді ынтымақтастық пен жана іскерлік байланыс орнатуға үлкен мүмкіндік ашатыны сөзсіз. Біз үшін жұмыс істейтін әрбір кәсіпкер маңызды және олармен жұмыс жүргізу үшін ең жақсы жағдай жасауға тырысамыз.

Сондықтан да мемлекеттік қолдау аясында сіздерді кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін жана идеяларды бірлесіп атқаруға шақырамын, – деді Пакуатдин Сражадинұлы.

Ойталқыны «Халық» қайырым-дылық қорының Алматы облысы

бойынша филиалының жоба менеджері Ербол Маралұлы бастап, бизнесті ойлау психологиясының негізіне тоқталса, «The One System» компаниясының негізін қалаушы Аслан Жұмабаев бизнесті жүйелі әдісі туралы тақырыпты қозғайды. Ал «NP-Consulting» ЖШС директоры Ғалым Прекешев кіші өндіріс кәсіпорнын дамыту жолын түсіндірді. Азаматтардың қаржылай сауаттылығы төңірегінде «Қарызсыз қоғам» жобасының қаржы сарапшысы Балдырған Мәмен, «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы мүмкіндіктер туралы ҚР АШМ Қаржылық құралдар және микрокредит беру департаментінің бас сарапшысы Сұңғат Серікбайұлы сөз етті. Іс-шараға қаладағы кәсіпкерлер, ерікті жастар қатысты. Жиында қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар кәсіп иелері қала әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Жергілікті кәсіпкерлердің өнімдерінен ұйымдастырылған көрмеге қонақтар қызығушылық танытты.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ

Қаламыздағы Б.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейінің ғылыми зерттеу тәжірибе алаңында бір жылдан бері «Биогум» жобасы жүргізілуде. Мектеп-лицей жобаны жаңадандыру және тәжірибе алаңын көрсету мақсатында «Экологиялық білім беру тенденцияларын тиімді қолдану арқылы интеграциялап оқыту» тақырыбында форсайт-сессия ұйымдастырды. Іс-шараға қаладағы мектеп директорлары мен биология және география пәні мұғалімдері қатысты.

Бұл жоба «Жасыл белдеу» аясында экологиялық проблемаларды жою мақсатында қолға алынған. Биогумус – органикалық тыңайтқыш, ауыл шаруашылығы қалдықтары шылаушы және басқа да микроағзалармен өңделеді. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығындағы ең қажетті тыңайтқыштың бірі биогумус болып саналады. Топырақты зерттегендер оның



құнарлылығын дәлелдеп отыр. Сондықтан да тыңайтқышты өндіру бүгінде сұранысқа ие болып отыр.

Форсайт-сессия аясында «Биогум» жобасы жөнінде кеңінен таныстырылды. Сонымен қатар «Биогум» жобасы барысындағы ғылыми-зертханалық орталықтың тәжірибесімен таныстыру, «Су ресурстарының экологиялық мәселелері», «Білім мен ғылымның заманауи даму тенденциялары» тақырыбында түрлі сабақтар өтті.

– Астанадағы тағам қалдықтарын жинап, шылаушындарға беру арқылы биогумус тыңайтқышын шығарудымыз. Кез келген жобаны бастаған кезде қаражат қажет екені анық. Ал біз жобаға қаржы талап еткен жоқпыз. Тыңайтқышқа қажетті қонды шаруа қожалықтарынан тегін аламыз. Ал шылаушындарға тағам қалдықтарын береміз. Осының

бәрін тиімді пайдаланып биогумус тыңайтқышын шығарып отырымыз. Негізгі биогумус – топырақтың құнарын, құрылымы мен физикалық қасиеттерін жақсартады. Бұл топырақты бірнеше жыл қолдануға болады. Зерттеулерге сүйеніп жасалды. Өсімдіктердің, жеміс ағаштарының да өсуіне, олардың тамырының дамуына жақсы әсер ететіні дәлелденген. Бүгін де біз нәтижесін көріп отырымыз. Жай топырақ пен биогумусты гүлге пайдалану арқылы оның құнарлылығы әлдеқайда жоғары екенін байқадық. «Биогумус» жобасына оқушылардың қызығушылығы артып келеді. Қазіргі уақытта бір топ оқушы осы жобаны жүзеге асыруға көмектесуде, – дейді биология пәнінің мұғалімі Бағила Әбілова.

Зерттеулерге сүйенсек, альтернативті табиғи тыңайтқыш ретінде биогумустың орны ерекше. Оның құрамында өсімдікке аса қажетті микроэлементтік, ферменттік, дәрумендік, антибиотикалық заттар бар. Биогумус топырақтың ылғалдылығын қалыпты жағдайда ұстауға, жеміс-жидектің сапасы мен өнімділігін арттыруға, өсімдіктердің зақымдануының алдын алуға қолайлы орта қалыптастырады.

– Осы жылдың ақпан айынан бастап мектепте «Биогумус» жобасы қолға алынды. Алғашқы жұмыс барысында үш супрастат дайындай отырып, малдың қоңи және шылаушы салдық. Біздегі мақсат – ысырапқа жол бермеу. Мектеп асханасындағы тамақ қалдықтарын және ауладағы жапырақтарды пайдалана отырып, шылаушыны коректендіріп, дайын экологиялық өнім – биогумус топырағын өндіруді қолға алдық. Бүгінде шылаушы саны көбейді. Тыңайтқышты өндіру барысында шығармашылық топ құрылды. Осы жоба үлкен тәжірибе алаңына айналды отыр. Физика, математика, химия, биология, география пәндері бірлесіп отырып, жұмыс істейді. Топырақтың құнарлылығын, тұздылығын, қышқылдылығын зерттейді. Ылғалдылығын, температурасын тексеріп тұрады. Облыстық оқу орталығы қаражат бөлді. Осы қаражатқа біз барлық қажетті құрал-саймандарды алдық. Оқушыларға тәрбие мен білім бере отырып, экологиялық мәдениетті де үйретудеміз, – дейді биология пәнінің мұғалімі Бағила Әбілова.

Бұл жоба оқушыларға тәжірибе жасауға, биология сабағындағы теориялық білімді практикалық жұмыспен ұштастыруға мүмкіндік береді. Биогумус тыңайтқышын өндіру ұстаз бен шәкірттің тынымсыз еңбегінің жемісі деуге болады. Нәтижесінде осы өнімді бөлме гүлдеріне, көшет отырғызғанда тыңайтқыш ретінде пайдаланады. Осы уақытқа дейін гүлдерді өсіру үшін арнайы гүл топырағын сатып алса, енді қаржы шығындаудың қажеті жоқ.

Өзге мектеп мұғалімдері тәжірибе алмасу үшін бүгінгі шараға арнайы келіп, тыңайтқыш топырақты өндірудің қырсырымен танысты. Бүгінгі шарадан байқағанымыздай, бұл жобаны басқа білім ошақтары да жүзеге асыруда қолдап отыр. Ал №10 мектеп-лицейі ұжымы алдағы уақытта сұранысқа ие биогумусты сатылымға шығаруды жоспарлады.

Айтқалқы АЙТЖАНОВА





ТРЕНДТЕРДІҢ ҮЙҚПАЛЫ: талғам мен таңдау қайда қалды?

Тәжірибелерімен бөлісіп, трендтердің танымалдығын арттырады. Танымал өнімдер тек әлеуметтік желілер арқылы ғана емес, адамдардың пікірі арқылы да таралады. Мәселен, сізге жүзім ұнап, әсеріңізді таныстарыңызбен бөлістіңіз, олар сатып алып, өз ойын басқаларға айтады. Бұл ақпарат тарату алгоритмі деп аталады. Трендтер адам психологиясына да әсер етеді. Адамдар басқалардың жасағанын қайталауға бейім, сондықтан трендтер тез таралып, үлкен аудиторияны қамтиды. «demandsage.com» сайтында жарияланған деректерге сүйенсек, 2024 жылғы жағдай бойынша әлеуметтік желілерді 5,17 миллиард адам пайдаланады, бұл әлем халқының 63,7%-ын құрайды. «Facebook» – 3,07 миллиардтан астам пайдаланушысы бар жетекші әлеуметтік желі. Орташа есеппен алғанда, пайдаланушылар күн сайын әлеуметтік желілерде 2 сағат 20 минут уақыт өткізеді. Бұл деректер әлеуметтік желілердің ықпалын және олардың қазіргі қоғам үшін маңызын көрсетеді. Интернет-сауданың жылдам дамуы бір қарағанда, тиімділігіне байланысты. Сапалы және арзан заттарды сатып алу үшін ешқандай барудың қажеті жоқ, интернетті шолып шығу жеткілікті және бес минут ішінде танымал жұлдыздар мен блогер ұсынған өнімді сілтемеге өту арқылы өнімнің несі бола аласыз. Маркетплейстердің пайда болуы шопингті әлдеқайда жылдам және қарапайым етті. Бірақ

Көбінесе мұндай бұзылыстар ұзаққа созылған күйзеліспен қатар жүреді. Германиядағы Ганновер медицина мектебінің өкілдері жүргізген зерттеулер мұндай құбылыстардың бәрі шопингке құмар адамдарда кездесетінін көрсетеді. Ондай адамдар танымал блогер жариялаған өнімді не трендтегі затты алуға бейім келеді, соның нәтижесінде тауарлар тез танымал болады.

Әлеуметтік желілердің кең таралуы, оны белсенді пайдалану кәсіпкерлердің өз өнімдері мен қызметтерін тиімдірек жарнамалау және өнімдерін трендке айналдыру үшін қолайлы. Яғни бір өнімнің хит болуы үшін бір аудиторияның қажеттіліктері ескеріліп, блогерлер мен оқырман саны көп парақшаларда жарияланады. Мұнан соң, «Сіз де өз ойыңызбен бөлісіңіз», «Дәмін көрдіңіз бе?», «Пікір жазған адамға сыйлық бар» деген сияқты психологиялық «шабуыл» жасалады, яғни адамның қызығушылығын оятып, сатып алуға ынталандырады. Тіпті өнімді жарнамалау үшін ән де үлкен рөл атқарады. Мысалы, «Барби» фильмі әлеуметтік желілерді жаулап алып, TikTok-та тренд болды. Тик-ток пайдаланушылары әнші Дуа Липаны орындауындағы «Dance The Night» саундтректерінің біріне танымал билдің қимылын қайталайтын бейнелерді жариялады. «Dance The Night» (TikTok)-тағы жалғыз тренд емес. Түпкі мақсаты – кино көруге ынталандыру, би видеоларын түсіру арқылы фильмді жарнамалау және кинотеатрларда билеттерді өткізу, сондай-ақ кино қабармандарының киімдері мен заттарын сатып алуға итермелеу. Әлеуметтік желілердегі вирустық бейнелердің әсері қазіргі уақытта өнімді жарнамалаудың таптырмас құралы. Пайдаланушылар фильмнен көріністерді қайталап, өз бейнелерін жариялаған сайын, олардың достары, жазылушылары бұл фильм туралы көбірек біле бастайды. Нәтижесінде, фильмге деген қызығушылық артып, адамдар кинотеатрларға барып, билет сатып алады.

Сонымен қатар фильм кейіпкерлерінің киімдері мен заттары трендке айналып, сұраныс артады. Бұны маркетингтік әдіс деп атайды. Бұл әдіс фильмдерді ғана емес, сонымен қатар басқа өнімдерді де, мысалы, кітап немесе тағамдарды сату үшін қолданылады. Вирустық контент – өнімді танымал ету мен сатуды арттырудың тиімді жолдарының бірі.

Әлеуметтік желілерді шамадан тыс пайдалану ұйқының бұзылуына, еңбек өнімділігінің төмендеуіне ықпал етеді. Әлеуметтік желілерге тәуелділік дәрігерлер арасында әлі де бекітілмеген термин болса да, онлайн байланыс пен тәуелділік, мінез-құлықтың өзгеруі алаңдаушылық тудырады. «rbs.org» сайтында жарияланған сала мамандарымен сұхбатта әлеуметтік желілердегі жарияланымдар қандай да бір лайк, комментарий немесе репост болған кезде бізді қосымшаға қайта кіріп, уақыт өткізуге тәуелді ететінін алға тартады.

Біз әлеуметтік желідегі өзара байланысты пайдалы деп есептеуге үйреніп қалдық, – дейді Мичиган мемлекеттік университетінің когнитивтік нейробиологы Дар Меші.

Калифорния мемлекеттік университетінің когнитивтік неврологы Офир Турель әлеуметтік желілерді тексерудің соншалықты қызықты болуының себебін былай түсіндіреді.

– Әр жолы біз басқа біреудің әлеуметтік желілерді қолдануын көргенімізде, миымыз

әлеуметтік желілерді жағымды іс-әрекет деп санауға дағдыланады, – дейді Калифорния штатындағы Фуллертондағы университеттің ақпараттық жүйелер мен шешім қабылдау ғылымдары кафедрасының профессоры Офир Турель.

Онлайн-шопингді виртуалды себеттеріне не болса, соны салып, маркетплейстерде сағаттап отырады. Әлеуметтік желілердің тұтынушылардың мінез-құлқына әсерін түсіндіретін негізгі теория – американдық психолог Роберт Чалдиннің «Ықпал психологиясы» кітабында сипатталған әлеуметтік дәлелдеу теориясы. Оның мәні – адамдардың



әлеуметтік желідегі өзгелердің әрекеттері мен пікірлеріне тәуелді шешім қабылдауға бейім екенін көрсетеді. Мысалы, достары немесе таныстары белгілі бір тауарды сатып алса немесе белгілі бір қызметті пайдаланса, өзгелер де сол әрекетті қайталауға бейім болады.

Сондай-ақ маркетингтік психолог Дэрил Бем ұсынған өзіндік қабылдау теориясын атап көрсетеді. Яғни адамдар өздерінің қоғамдағы орнын әлеуметтік желілердегі достары мен жазылушыларының пікірлері негізінде бағалайды. Тұтынушылар өзіне қажетті өнімнің барлығын платформадан іздеп, ондағы пікірлерге сүйенеді, бұл олардың сатып алу мінез-құлқына әсер етеді.

АҚШ-та «Nielsen McKinsey компаниясы» осы тақырып бойынша ауқымды зерттеу жүргізген екен. Интернетті жиі қолданатын адамдардың 60%-дан астамы брендтер туралы әлеуметтік желілер арқылы біледі. Әлемдегі онлайн клиенттерінің шамамен 48%-ы «Twitter» немесе «Facebook» жарнама ұсынысына жауап беріп, тауарды сатып алады. Осыған байланысты ірі компаниялар өз қызметінде ірі платформаларды тауарды ұсыну қызметі ретінде пайдаланады. «Search Engine Watch» сайтында жарияланған «Deloitte» статистикаға сүйенсек, пайдаланушылардың 29%-ы әлеуметтік желілерде тауарды немесе қызметті көрген күні сатып алады екен. Бүгінде әлеуметтік желі – тауарларды жарнамалау және сатуды арттырудың тиімді құралы. Әлеуметтік желілердің трендтері мен вирустық видеолары өнімдерді, фильмдерді және басқа да тауарларды жарнамалау үшін тиімді құралға айналғанымен, уақыт өте келе адамдардың жиі сатып алуы, тәуелділік немесе ониомания артып келеді. Пайдаланушылар танымал контентке қызығушылық танытып, өз тәжірибелерін бөлісіп, өнімнің танымалдығын арттырады. Бұл платформалардың мүмкіндіктері өнімді өткізу, сатылымды арттыруға және аудиторияның назарын аударуға ықпал етеді. Интернет сауданың жылдам дамуы шопингизм сияқты мәселелерді де туындатып отыр.

Трендтердің пайда болуы және оның қоғамға ықпалы әлі де ауқымды зерттеуді қажет етеді. Алгоритмдер мен блогерлер ықпалымен қажетті тауармен сатып асып өзара байланысты, өмір сүру қалпымыз бен талғамымыз өзгеріп келеді. Бұл тек тұтынушылық талғамымызды ғана емес, біздің күнделікті шешімдерімізді де қалыптастырады. Біз трендке еліктеп, жана нәрсені көруге ұмтыламыз. Алайда көпшілік трендтердің өз өміріне әсері барын ұмытпаған жөн.

София ХАЙРУЛЛА

Суреттер ашық дереккөзден алынды

ЦИФРЛЫ ҒАСЫРДЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

Трендтер әлеуметтік медиа қолданушыларының белсенділігі және алгоритмдердің арқасында жылдам таралады. Инфлюенсерлер, блогерлер мен компаниялар жаңа өнімді насихаттай отырып, үлкен аудиторияның назарын аударуда. Ал алгоритмдер өз кезегінде ең көп назар аударатын контентті іріктеп, оны адамдарға кеңінен таратады. Мәселен, Дубай шоколадын аласақ. «FIX Dessert Chocolatier» компаниясы Дубайда алғаш рет жасаған шоколад «Can't Get Knafeh of It» деп аталады. Бұл ерекше атау шығыстық тәттінің дәмді креміне байланысты қойылса керек. Шығыс тәттілерін жақсы көретіндер осы шоколадты лезде трендтер қатарына қосты. Instagram-дағы хэштегтер миллиондаған пост жинап, бұл трендті әлемдік тағам ретінде танымал етті. Бірақ бұл шоколад өлемге қалай танымал болды? Белгілі «TikTok» блогері Мария Вехераның шоколад жеп тұрған ASMR-видеосы арқылы шоколадтың танымалдығы артып, 56 миллионнан астам қаралым жинады. Дәл осы жарнама арқылы TikTok-тағы видеолардан бастап, «Instagram»-дағы роликтерге дейін Дубай шоколады интернет-сенсацияға айналып, миллиондаған қаралым, лайк және репост жинады. Әлеуметтік желінің ықпалымен адамдар дәмі ерекше тәттіні жеп көруге қатты қызықты. Блогердің ұсынған өнімін адамдар таласа ала бастады. Тағы бір мысал, корейлік «шайн мускат» жүзімі. Бұл Жапонияда 10 жыл бұрын пайда болғанымен, өлемге танымал болуына фудблогерлер ықпал етті. Ерекше түрі мен дәмін айтып, жүзім жеп түскен ASMR-видеосы бұл жүзімді әлемнің көптеген еліне танымал етті. «Shine Muscab» жүзімі Жапонияда өсетін ірі, жылтыр, жасыл түсімен ерекшеленеді. Әлеуметтік желілерде, әсіресе «TikTok» пайдаланушылары осы жүзімнің қызықтылығын көрсететін видеолармен бөлісуге құштар. «Shine Muscab» Жапония мен Оңтүстік Кореяда шектеулі мөлшерде есірілгендіктен, салыстырмалы түрде басқа жүзімге қарағанда бағасы қымбат. Жүзім дәмін көріп, әлеуметтік желіде бөліскен

Басы 1-бетте




ТРЕНДТЕН ҚАЛМАЙТЫНДАР ҚАТАРЫ АРТТЫ

Бүгінде ел трендтен қалмауға тырысып келеді. Мейлі, бұл шоколад болсын, би челленджі болсын, трендтер өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Әлеуметтік желілердің әсерімен трендтер жылдам таралып, үлкен аудиторияны қамтиды. «TikTok», «Instagram» сияқты платформаларда қолданушылар өз

кез келген нәрсенің екінші жағы бар. Кейбір сатып алушылар онлайн-сатып алуларға шын мәнінде тәуелді болғанын байқамай қалады.

Тіпті сала дәрігерлері шопингизмді психикалық бұзылыс деп санайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасына сүйенсек, психикалық бұзылыстарға ойлау, эмоциялық реттеу және мінез-құлықтағы өзгерістер жатады.



Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3498 Тапсырыс №1852

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқали АЙТЖАНОВА